

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ



# ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖЕР РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ



*Shymkent*

Ғылыми жетекші: г.ғ.к., доцент Сағымбай Ө.Ж.  
5B090300 - «Жерге орналастыру» мамандығы  
Орындаған: Құрбанова Г.С.

Алматы 2018


# КІРІСПЕ

Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарына сәйкес жерді тиімді пайдалануда жер қатынастарын ескірген формадағы тиімсіз жүйеде жүргізу – жердің өндірістік маңызды әлеуетін тежеп отырғанын, қазіргі жер заңнамасын жүзеге асыру саласындағы жер саясатының негізгі бағыты-жер нарығын дамыту, жер ресурстарын тиімді пайдалану мен қорғау үшін жағдайлар жасау қажеттілігін атап өтті. Осыған орай, Қазақстан орасан зор жер ресурстарына ие бола отырып, жер ресурстарының әлеуетін пайдалану, жер ресурстарын қорғаудың әлемдік тұжырымдамалық ережелерін ескере отырып, оны тиімді пайдаланудың стратегиясын және жер нарығында нарықтық қатынастардың дамуын әрі қарай жетілдіру, қалыптасқан нарықтық жағдайларға бағытталған және нарық талабына сәйкес саналы түрде кірісуі тиіс.

Қазақстанның әлемдік экономикаға белсенді кіруі, оның бәсекеге қабілеттілігінің едәуір шамада артуы жер ресурстарын тиімді пайдалануға байланысты. Бұл жағдайда экономикалық әлеует пен халықтың тіршілік әрекетін тиімді ұйымдастыру үшін қолайлы жағдай жасау қажет.

---


# *Дипломдық жұмыстың өзектілігі*



*Дипломдық жұмыстың мақсаты* – еліміздің басты байлығы болып саналатын жер ресурстарын тиімді пайдалану мемлекеттің көкейкесті стратегиялық мақсаттарының бірі ретінде баса назарға ала отырып, жер ресурстарын пайдалану тиімділігінің әдістемелерін құрастыру арқылы жер ресурстарын басқару әдістерін талдау. Сонымен қатар, Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласын зерттеу нысаны ретінде қарастыра отырып, Шымкент қаласының Бас жоспары шеңберінде жер қорларына шолу жүргізіп, геоақпараттық жүйелер көмегімен қала аумағы жер ресурстарын пайдаланудың тиімділік көрсеткіштерін анықтайтын база құрастыру.

*Дипломдық жұмыстың міндеті* – жер ресурстарын пайдалану тиімділігінің қағидаттарын ғалымдардың пікірлері бойынша саралай келе, жерге орналастыру саласындағы геоақпараттық жүйелердің мазмұнын ескеріп, геоақпараттық жүйелер ықпалымен жер ресурстарын басқарудың алгоритмін қалыптастырып, барлық сұраныстарға жауап беретін бірегей, орталықтандырылған жүйе құрастыру ережелерін жерге орналастыруды жобалау жұмыстарында қолданудың практикалық әдістемесін көрсету. Қала аумағы жер ресурстарын тиімді пайдалану мәселелері толыққанды шешімін таппағандықтан, тың мәліметтер негізінде жер ресурстарын тиімді пайдалану алғышарттарын қалыптастыру арқылы, жерге орналастыру саласына дипломдық жұмыс арқылы үлес қосу.

# Дипломдық жұмыстың мазмұны

- 
- Жердің өндіріс құралы және жылжымайтын мүлік ретіндегі артықшылықтары ескеріліп, жер ресурстарын тиімді пайдалану аумақты дамытудың негізгі факторы ретінде, мемлекеттік жер ресурстарын тиімді басқару әдістері қарастырылды.

- Шымкент қаласының әкімшілік – аумақтық құрылымы және жер санаттары бойынша құрамы, жер ресурстарын тиімді пайдалану процестері бойынша Шымкент қаласы жер қатынастары бөлімінің жерге орналастыру жұмыстары зерттелген.

- Шымкент қаласының территорияларын жалпы ұйымдастыру және дамыту бағыттары, Шымкент агломерациясы – өңірді дамытудың өрісті қадамы ретінде, қазіргі таңдағы қала аумағы жер ресурстарын пайдалану тиімділігіне талдау жүргізіліп, қала аумағы жер ресурстарын пайдалану тиімділігін анықтауда компьютерлік технологияларды қолдану алғышарттары айқындалды.




Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік қолайлы негізі болып табылатын басты байлығы – жер ресурстары. Жерге деген ғаламат тәуелділік материалдық әлемнің өзге нысандарын, барлық азаматтық құндылықтарды алмастыруы мүмкін емес. Жер басқа табиғи нысандар сияқты бағасыз халық құндылығын білдіретін биологиялық алуантүрліліктің құнарлы топырағын қамтиды. Қазақстан Республикасының Ата заңында жер – табиғи ресурс, Қазақстан Республикасы халықының өмір негізі болып белгіленген.



Жер – физикалық география немесе экономика ғана емес. Сол үшін де қолданыстағы жер ресурстарының көлемі мен тозуын ғана бағалау сандармен шектелмейді. Сондай – ақ, ол «Орын алған жағдайда не істеуге болады?» деген сұрақтарға жауап іздеу мақсатына ұмтылады. Бұл сұрақтың жауабына шешім қабылдау процесінде біздің әрбіріміз қатысамыз, ал бұл өз кезегінде біздің таңдауымыз жағдайды жақсы жағына өзгерту мүмкіндігін білдіретін келісімдерге негізделеді.

Бүгінгі елеусіз қадамдар ертеңгі болашағымызды түптеп өзгертуі мүмкін.






**ЖЕР – ШЕКТЕУЛІ ТҮРДЕГІ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ КӨПТЕГЕН ҚАЗЕТТІЛІКТЕРІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН БІРЕГЕЙ, БАҒА ЖЕТПЕС ЖӘНЕ БЕРІК РЕСУРС.**

# 117 МЫҢ ГЕКТАР


## ШЫМКЕНТ

ҚАЛАСЫНЫҢ БАС ЖОСПАРЫНА  
ДҮЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУ  
ВНЕСЕНИЕ ИЗМЕНЕНИЙ В  
ГЕНЕРАЛЬНЫЙ ПЛАН ГОРОДА



### УСЛОВНЫЕ ОБОЗНАЧЕНИЯ

- Территории существующей многоэтажной застройки
- Территории проектируемой многоэтажной застройки
- Территории реконструируемой застройки
- Территории существующей усадебной застройки
- Территории проектируемой усадебной застройки
- Территории проектируемой блокированной застройки
- Территории общественных зон, объектов культурно-бытового обслуживания
- Территории медицинских учреждений
- Территории средних специальных и высших учебных заведений
- Территории общеобразовательных школ и детских садов
- Территории под объекты торгово-производственного назначения и обслуживания населения
- Территории инженерно-транспортной инфраструктуры
- Промышленно-производственные, коммунально-складские территории
- Места и путепроводы
- Железнодорожные пути и зона отчуждения
- Дороги республиканского значения, областные дороги
- Магистральные улицы и дороги
- Улицы и дороги местного значения
- Земельные насаждения общего пользования
- Польва реки
- Ветры, санитарно-защитные зеленые насаждения
- Лесопарки
- Территории кладбищ
- Резерв санитарной территории
- Водные поверхности
- Территории подготовки для складирования мусора (площадки ТБО, свалочные полигоны, полигоны по захоронению строительного мусора)
- Территории агро-производственного леса
- Существующая граница города
- Предлагаемая граница города








**877,5 МЫНЦ АДАМ**




# Агломерация статусы

2014 жылы 17 қаңтарда Мемлекет басшысы халыққа жолдауында Шымкент қаласының қаржылық мүмкіндігін ұлғайту мақсатында, агломерация статусы берілетінін мәлім етті.

# ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ШЕКАРАСЫНА ЕНГІЗІЛГЕН АУДАНДАР




Шымкент қаласы шегіне қосылған территориялардың ауданы, га.





# ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ


## Шартты белгілер


### Шекаралар

 Шымкент қаласының шекарасы

 Абай ауданы

 Әл - Фараби ауданы


 Қаратау ауданы

 Еңбекші ауданы


### Елді мекендер

 шағын аудандар

**Шымкент қаласы аудандарының жер көлемі, 2017 жылғы есеп бойынша, (%)**




Орындаған: Құрбанова Г.С.



- Қала аумағы жер ресурстарын тиімді пайдалану негізінде қала аумағы жерлерін пайдалану қала мен аудандардың даму жағдайлары мен деңгейін ескере отырып, әртүрлі объектілерді ұтымды бөлу тұрғысынан кешенді әлеуметтік – экономикалық жүйе ретінде, тұтастай алғанда тұрғындардың және муниципалды мекеменің қажеттіліктеріне сәйкес келетін дәрежесі ретінде түсініледі.
  
- Қала аумағы жер ресурстарын пайдаланудың тиімділігі қала мүдделерінің күрделі әлеуметтік жүйе ретіндегі дәрежесіне жер ресурстарын пайдаланудың сәйкес келуі деп түсініледі. Бұл масималды түрдегі синоним ғана емес, қаланың әртүрлі аудандарының нақты жағдайын және даму деңгейін ескере отырып, қалалық жерлердегі әртүрлі объектілерді орналастырудың оңтайлығы, сондай-ақ жалпы қалалық және жергілікті жер пайдалану мүдделерінің үйлесуі болып табылады.


- 
- **Қала аумағы жер ресурстарын пайдаланудың тиімділік көрсеткіші**
  - **Қала құрылысы**
  - **Экологиялық**
  - **Әлеуметтік**
  - **Экономикалық**

# ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ЖОСПАРЛАУ ӨЗЕКТЕРІ



Қолданыстағы жалпы қала орталығы одан әрі дамытылады, әрі қаланың солтүстік бағыттындағы – Бәйдібек би даңғылы, солтүстік – шығыс бағыттындағы – Жібек жолы даңғылы, шығыс бағыттындағы – Тәуке хан даңғылы мен оның перспективада ұзартылуы, оңтүстік бағыттағы – Республика даңғылы мен оның Ташкент трассасына шығуы, сонымен қатар батыс бағытындағы – Темірлан тас жолы қала аумағы бойынша негізгі жоспарлау өзектері болып табылады.





# ҚОРЫТЫНДЫ

- Жер ресурстарын тиімді пайдалану қағидаттары, әсіресе қала аумағы территориясында ұтымды пайдалану адамзат үшін көптеген есіктерді ашуға септігін тигізеді, себебі жер қайтымсыз, дегенмен, сол уақытта дұрыс назар аударып, күтіп – баптар болсақ оның өнімділігі адамзаттың жаһандық өркендеуіне әсер етпек.
- Жерге орналастыру саласында қала аумағы жер ресурстарын тиімді пайдалану алғышарттарының болмауы аталған салада жер ресурстарын ұтымды басқарудағы бірыңғай әдістеменің жоқтығына байланысты, сондай – ақ қала аумағы жер ресурстарының ғылыми әдебиеттерде аз зерттелуі себеп болып отыр.
- Қала аумағы жер ресурстарын жерге орналастыру саласында тиімді пайдалану мәселелерін шешу үшін геоақпараттық технологиялар арқылы қаланың Бас жоспарына негізделіп жасақталған өңірді дамытудың тұжырымдамаларымен айқындалған бірегей әдістеме жасап шығару қажет. Осылайша, жерге орналастыру саласындағы негізгі бірлік саналатын жер ресурстарын бірыңғай база төңірегінде қадағалап отыруға жол ашылады.
- Жер ресурстарын басқару механизмдері қала аумағы жер ресурстарын тиімді пайдаланудағы негізгі жасаушы болып табылады, себебі қала аумағы қала маңындағы ауылшаруашылық мақсатындағы жер қорлары есебінен ұлғаятыны анық. Сондықтан да, ауылшаруашылық жер қорлары халықтың әлеуметтік әлеуеті болғандықтан, жерге орналастыру саласындағы жер ресурстарын басқару механизмдеріне баса назар аудару шарт.
- Республика көлеміндегі жерге орналастыру жұмыстарында қала аумағы жер ресурстарын тиімді пайдалану мәселелерін шешудегі ең қолайлы инновациялық тәсілдері ретінде – жерге орналастыру саласын автоматтандыру шаралары басты алгоритмдер тізбегі болмақ. Сол себепті де, жерге орналастыру жұмыстарындағы қала аумағы жер ресурстарын тиімді пайдалану мәселелерін шешу барысында географиялық ақпараттық жүйелердің орны ерекше.